

Қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастырумен (жылыстатумен) және терроризмді қаржыландырумен байланысты арнайы есепке алуды жүргізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2015 жылғы 6 қаңтардағы № 6 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 6 ақпанда № 10193 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2020 жылғы 4 желтоқсандағы № 148 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Бас Прокурорының 04.12.2020 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы, 2003 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 12-бабы 3-тармағының 16), 17), 18) тармақшаларын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 26.09.2017 № 108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

1. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет):

1) қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастырғаны (жылыстатқаны) және терроризмді қаржыландырғаны үшін жауаптылыққа тартылған адамдар туралы мәліметтерді Комитеттің аумақтық басқармалары мәліметтерінің негізінде тоқсан сайын есептік кезеңнен кейінгі айдың 17-күніне қалыптастырсын;

2) қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастырумен (жылыстатумен) және терроризмді қаржыландырумен байланысты тәркіленген мүліктің сомасы туралы мәліметтерді Комитеттің аумақтық басқармалары мәліметтерінің негізінде тоқсан сайын есептік кезеңнен кейінгі айдың 17-күніне қалыптастырсын;

3) қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастырумен (жылыстатумен) және терроризмді қаржыландырумен байланысты өзара құқықтық көмек көрсету және басқа халықаралық сұраулар туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Халықаралық ынтымақтастық департаменті (бұдан әрі - ҚР БП 8-Департаменті) және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі

Шет мемлекеттерге жіберілген өзара құқықтық көмек сұраулардың саны		4								
соның ішінде	қанағаттандырылғаны	5								
	бас тартылғаны	6								

кестенің жалғасы

[illegible]

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2015 жылғы 6 қаңтардағы
№ 6 бұйрығына
2-қосымша

Нысан

20__ жылдың ____ айына арналған қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастырғаны (жылыстатқаны) және терроризмді қаржыландырғаны үшін жауаптылыққа тартылған адамдар және қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастырумен (жылыстатумен) және терроризмді қаржыландырумен байланысты тәркіленген мүліктердің сомалары туралы мәліметтер

Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді – ҚР Бас Прокурорының м.а. 01.08.2019 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); ҚР Бас Прокурорының м.а. 02.07.2020 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

№ р/ с	Тегі	Аты	Әкесінің аты (бар болса)	Туған күні	Жеке басын қуәла ндыра тын құжат тың №	Қылмыстық істің №	Соттың атауы	С о т шешімінің шығары лған күні	Соттау баптары	І с бойынша шешім	Мүлікті тәркілеу тағайындалды	Үкімнің занды күшіне енген күні	Ө ал сс (т
--------------	------	-----	--------------------------------	---------------	---	----------------------	-----------------	---	-------------------	-------------------------	-------------------------------------	---	---------------------

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14

Ескертпе: 2-13-көрсеткіштер Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 218, 258-баптары бойынша сотталған адамдарға қатысты мәліметтердің болуына Бірыңғай біріздендірілген статистикалық жүйенің "Арнайы есепке алу" Автоматтандырылған ақпараттық жүйемен тоқсан сайынғы салыстыруларының нәтижелері бойынша және әліпбилік есепке алу карточкасының негізінде толтырылады ("Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған, қылмыстық жауаптылыққа тартылатын адамдардың, қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамдардың арнайы есебін, ұстап алынған, күзетпен ұсталатын және сотталған адамдардың дактилоскопиялық арнайы есебін жүргізу және пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2018 жылғы 27 ақпандағы № 29 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16667 болып тіркелген) бекітілген.

14-15-көрсеткіштер орындау құжаты және Қазақстан Республикасы Бас Прокуроры міндетін атқарушысының 2020 жылғы 15 қаңтардағы № 10 бұйрығымен "Сот актілерін орындау бойынша жұмыс туралы" № 4 есептің нысанын және оны қалыптастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген 4.0, 4.1 нысанды карточкалардың негізінде толтырылады (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19882 болып тіркелген).